

**Түркістан облысының білім басқармасының
Шардара ауданының білім бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Әдістемелік кеңес
Хаттама № 1**

02.09.2024 жыл

Қатысқандар: бөбекжай- бақша
педагогтары

Күн тәртібінде

1. Заттық- дамыту орталықтарын орналастыру және әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру

Күн тәртібінде: Бөбекжай-бақша әдіскері А.Султанбекова бақша педагогтарын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап жұмыстарына сәттілік тіледі. Сонымен қоса жаңа 2024-2025 оқу жылының тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен, жаңа нормативтік – құжаттарымен таныстырды.

«Заттық-кеңістік дамытушы орта» бөбекжай-бақша үшін өте маңызды. Биылғы жылғы нұсқау хатта да, басым көрсетілгенін айтып өтті. Онда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін, жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдаланатынын, сонымен қоса дамытушы орта балаға қызығушылықтары мен өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік беретінін айтты. Педагогтар толық қолдады.

Әдіскер А.Султанбекова әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру және дұрыс ұйымдастыра білу керектігін айтты. Бастапқы мониторинг өз уақытымен тапсырылуын өз бақылауынада ұстайтынын да айтып өтті.

Қаулы етеді:

1. Дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдар мен байыту ұсынылды.
2. Әр топта балаларға жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру ұсынылды.
3. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты негізге алып жұмыс жасалсын.

Менгерушінің м.а:

Хатшы:



А.Султанбекова

М.Нурбаева